

«ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
БАНКТІК СЕРВИС БЮРОСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
"БАНКОВСКОЕ СЕРВИСНОЕ БЮРО
НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА КАЗАХСТАНА"

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің
Банктік сервис бюросы» АҚ
Басқармасының 2020 жылғы
16 маусымдағы шешімімен
(№ 10 Хаттама)
БЕКІТІЛДІ**

**Сатып алулар Порталына кіру үшін
әлеуетті жеткізушілердің төлем төлеу Тәртібі**

№1 Редакция

Алматы қ
2020 жыл

Осы Тәртіпте Сатып алулар Порталына кіру қызметі үшін әлеуетті жеткізушілердің төлем төлеуді жүзеге асырудың негізгі ережелері жазылған.

1. Сатып алулар Порталына кіру қызметі (бұдан әрі – Қызмет) әлеуетті жеткізушілерге ақылы негізде, Қызмет үшін алдын ала 100% төлем төленген жағдайда ұсынылады. Төлем қолма-қол ақшасыз формада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, Сатып алулар порталында автоматты тәртіпте жасалған төлем шотының негізінде жүзеге асырылады.
2. Әлеуетті жеткізушілер «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» АҚ-на (бұдан әрі – Оператор) Қызмет көрсеткені үшін Сатып алулар Порталында «Жеткізушілерге арналған тарифтер» бөлімінде орналастырылған Оператор бекіткен тарифтерге сәйкес төлем төлейді.
3. Тарифті қосу үшін әлеуетті жеткізушілерге оның шарттарымен келісімін растайтын тиісті жолақта «белгіні» қою арқылы, Оферта-шартына қосылу ұсынылады. Оферта-шартының талаптарымен келісімді растамаса, тарифті қосу рәсімі қолжетімді болмайды.
4. Ақша қаражатын әлеуетті жеткізушінің балансына есептеу үшін ақша қаражатын Оператордың банктік шотына аудару қажет. Ақша қаражатын әлеуетті жеткізушінің балансына есептеу, банктің ішкі саясатында көзделген мерзімде, бірақ Оператордың банктік шотына ақша аударған күннен кейінгі жұмыс күнінен кейінгі жұмыс күнінен ерте емес мерзімде жүзеге асырылады.
5. Оператордың банктік деректемелері Оферта-шартында төлем шотында көрсетілген, сондай-ақ Сатып алулар Порталының «Жеткізушілерге арналған тарифтер» бөлімінде көрсетілген.
Қызметтің төлемін, төлем шотында көрсетілген Төлеушінің (әлеуетті жеткізушінің) атынан төлеу қажет. Егер төлемді үшінші тұлғалар жасаса, ақша қаражаты анықталмайды. Үшінші тарап жасаған төлемді анықтау үшін, әлеуетті жеткізуші Операторды осындай төлем туралы жазбаша хабардар етуі керек.
6. «Жеке кабинетте» әлеуетті жеткізушіге балансты (ақша қаражатының қалдығын) тексеруге мүмкіндік берілген. Тексеру «Балансты тексеру» батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады.
Балансты тексергеннен кейін, қаражат жеткілікті болған жағдайда әлеуетті жеткізушінің «Қосылу» батырмасын басу арқылы таңдалған тарифке қосылу мүмкіндігі бар, содан кейін Қызмет толық көлемде

ұсынылған болып саналады және әлеуетті жеткізушіге орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) актісіне (бұдан әрі -Акт) қол қою ұсынылады. Әлеуетті жеткізушінің өзінің ЭЦҚ-мен актіге қол қоюға, жүктеуге және/немесе басып шығаруға мүмкіндігі бар. Электрондық шот-фактура салық заңнамасында ЭШФ порталында белгіленген мерзімде беріледі.

7. Әлеуетті жеткізушінің балансында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, тарифке қосылған кезде, Сатып алулар Порталы қосылудың мүмкін еместігі туралы автоматты түрде жүйелік хабарлама жасайды.
8. Егер әлеуетті жеткізуші тарифке қосылмас бұрын қосымша төлем жасаса, оның шотындағы сома жинақталады және Сатып алулар Порталындағы қалдықтың келесі тексеруінде жалпы сома көрсетіледі.
9. Егер әлеуетті жеткізуші қолданыстағы тарифке қосылған бола тұра басқа тарифті «қайта қосуды» жоспарласа (қосылған тарифтен жоғары бағамен), қайта есептеу жүргізілмейді. Баланста қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, жаңа тарифтің құнына дейін төлем/үстеме ақы төлеуіңіз керек.
10. Егер әлеуетті жеткізуші төлем жасағаннан кейін қате аударылған қаражатты қайтару мәселесі бойынша Операторға жүгінген жағдайда:
 - ✓ егер әлеуетті жеткізуші тарифке қосылмаған болса, сома толық көлемде қайтарылады;
 - ✓ егер Сатып алулар Порталында тарифке қосылған болса, акт жасалса және әлеуетті жеткізушінің балансындағы ақша сомасы сатып алынған тарифтің құнына азайтылған болса сома қайтарылмайды.
11. Әлеуетті жеткізушінің балансындағы дұрыс емес қалдықтардың (пайдаланылмаған қаражаттың) алдын алу үшін тарифке қосылу төленген төлемге сәйкес жүзеге асырылуы керек.